

**Кімге:** Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Шымкент қаласы бойынша департаментінің басшысы – Сүлейменов Қанат Тұрсымбайұлына

**Кімнен:** Шымкент қаласының қаржы басқармасының мүліктік жалдау, жекешелендіру, сенімгерлік басқару бөлімінің бас маманы – Бекмұрат Ердәулет Еркінұлынан

## **АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА**

### **Тақырыбы: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті жетілдіру**

**Кіріспе.** Сыбайлас жемқорлық — қоғамның тұрақтылығын, экономикалық дамуын және әлеуметтік әділеттілікті бұзатын күрделі мәселелердің бірі. Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің қалыптасуы мемлекет пен қоғамның бұл күрделі мәселеге деген көзқарасын өзгертуді мақсат етеді.[1]

Сыбайлас жемқорлықтың пайда болуына әсер ететін бірнеше негізгі факторлар:

1.Мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігінің төмендігі: Жемқорлықты туындататын ең негізгі факторлардың бірі — мемлекеттік қызметтегі жауапкершіліктің жетіспеушілігі. Көп жағдайда қызметшілер өз әрекеттерінің салдарын сезінбейді.

2.Құқықтық мәдениеттің төмендігі: Азаматтардың құқықтық сауатының төмендігі, заңдарды білмеу немесе оларды бұзуға жол беру — жемқорлыққа қарсы күресте кедергілер туындатады.

3.Ашықтықтың болмауы: Мемлекеттік органдардың қызметінде ашықтықтың жоқтығы да жемқорлықтың өршуіне ықпал етеді. Ақпараттың қолжетімсіздігі, қоғамдық бақылаудың әлсіздігі — сыбайлас жемқорлықтың пайда болуына жол ашады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің рөлі. Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің мақсаты — осы құбылыстың алдын алу, оны анықтау және жою. Бұл қызметтің негізгі бағыттары:

1.Заңнамалық реформалар: Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін заңнаманың күшейтілуі, санкциялардың қатаңдатылуы, жаңа нормалардың енгізілуі қажет. Бұл шаралар заңсыз әрекеттерді тежейді.

2.Ақпараттық жұмыстар: Халық арасында құқықтық білім беру, сыбайлас жемқорлықтың зиянын түсіндіру, азаматтық қоғамның белсенділігін арттыру — сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың маңызды аспектілері.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ ҚАЛАЙ ДҰРЫС ХАБАРЛАУ КЕРЕК?

Сыбайлас жемқорлық туралы хабарлау – әрбір азаматтың ісі  
Егер сіз құқық бұзушылықтың куәсі болсаңыз бізге хабарлаңыз



КІМ  
талап етті?



НЕ  
талап етті?



ҚАШАН  
орын алды?



ҚАЙДА  
орын алды?



НЕ ҮШІН?

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР  
ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ ҮШІН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА  
ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТТІҢ CALL-ОРТАЛЫҒЫНА ЖҮГІНІҢІЗ

1424



Сурет 1 - Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу

Ескертпе: <https://gov.kz>

3. Ашықтық пен есеп берушілік: Мемлекеттік органдардың қызметінде ашықтықты қамтамасыз ету, ақпараттық платформаларды дамыту, қоғамдық бақылауды енгізу сыбайлас жемқорлықты азайтуға көмектеседі.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту мақсатында бірнеше заңнамалық өзгерістер енгізілді. 2015 жылы «100 нақты қадам» ұлт жоспары аясында сыбайлас жемқорлықты азайту үшін бірқатар реформалар жүргізілді. Олардың ішінде мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру, мемлекеттік сатып алулардың ашықтығын арттыру, сондай-ақ азаматтық қоғамның рөлін күшейту шаралары бар.[2]

Сонымен қатар, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң қабылданып, осы заң арқылы жемқорлық әрекеттеріне жауапкершілік күшейтілді. Мемлекеттік қызметшілердің мүліктері мен кірістерін ашық көрсету талабы енгізілді, бұл қызметтің ашықтығын қамтамасыз етудің маңызды құралы болды.

Жемқорлықтың алдын алу және білім беру бағдарламалары. Сыбайлас жемқорлықты тек қана жазалау арқылы емес, сонымен бірге алдын алу шаралары арқылы да күресуге болады. Қазақстанда осы бағытта қоғамды ақпараттандыру және білім беру бағдарламалары іске асырылуда. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттік мектептер мен жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларын енгізіп, болашақ ұрпақтың сыбайлас жемқорлыққа деген теріс көзқарасын қалыптастыруға күш салуда.

Азаматтық қоғам институттарымен әріптестікте түрлі форумдар, қоғамдық талқылаулар және ақпараттық кампаниялар жүргізіледі. Бұл шаралар қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің жұмысына азаматтық қоғам мен БАҚ-тың белсенді қатысуы қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Қоғамдық ұйымдардың, сарапшылар мен ғалымдардың пікірлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің жұмысына ықпал етеді.[3]

Қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімі әлсіз, бұл сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің жұмысын қиындатады. Халықтың құқық қорғау органдарына сенімсіздігі парақорлықты жасыруға себеп болуы мүмкін. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің жетістіктері ретінде, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын анықтау мен алдын алу шараларының артқанын айтуға болады. Мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігі мен этикалық нормаларын арттыруда да оң өзгерістер байқалады.

**Қорытынды.** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін маңызды рөл атқарады. Оның жұмысы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетуге, мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыруға, қоғамдағы әділеттілік сезімін нығайтуға бағытталған. Дегенмен, сыбайлас жемқорлықпен күрес тек мемлекеттік органдардың ғана емес, әр азаматтың міндеті. Сондықтан, әрқайсымыз сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда белсенді болуымыз керек.

**Ұсыныс:**

1. Ашықтықты арттыру: Мемлекеттік органдардың қызметін ашық ету арқылы қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысуын ынталандыру.
2. Білім беру бағдарламалары: Жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін білім беру бағдарламаларын енгізу.
3. Халықаралық тәжірибе: Сыбайлас жемқорлықпен күресте халықаралық тәжірибені пайдалану, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты нығайту.

**Пайдаланылған әдебиеттер мен сілтемелер:**

1. <https://kk.wikipedia.org>;
2. <https://gov.kz>;
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес: халықаралық тәжірибе;